



Ҷебу
метуарлар


БЕРҚИТБЕК СОҚНАҚБАЕВ
МУРАЛИ ЁСМЕЛКТЕР





БЕРДІТБЕК СОҚНАҚБАЕВ

туралы естеліктер



Алматы "Білім" 2005

ББК 84 (5Қаз)
С 63

Құрастырғандар: Самал Соқпақбаева, Баққожа Мұқай

С 63 Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. — Алматы:
“Білім”, 2005. — 208 бет + 8 бет суреттер.

ISBN 9965-09-332-6

Қалың оқырман қауымға арналған бұл кітап қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың азаматтық-жазушылық келбеті жайында сыр шертеді. Бекеңмен қатар жүрген замандастарының, көз көрген ізбасар інілерінің, сыншылардың, балаларының естеліктерін, жүрек жарды сырлары мен зерттеу мақалаларын жазушының 80 жылдығына орай жинақтап, ел-жұртына ұсынып отырмыз.

Әдебиетіміздегі үлкен тұлғалардың бірі Бердібек Соқпақбаевтың қаламгерлік келбеті жас ұрпаққа тағылымды болатыны сөзсіз.

С $\frac{4702250200}{412(05)-05}$

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 9965-09-332-6

© “Білім” баспасы, 2005

*Оразбек СӘРСЕНБАЙ,
жазушы, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты*

Жұмбақ жазушы

Мен білетінде қазақ әдебиетінде екі бірдей қатарлас, қарайлас өскен аға жазушыларымыз болды, бірі Алатаудың баурайында, бірі Қаратаудың баурайында туған, бірақ тағдыр-талайы өзара ұқсас, өмір кешу тәсілдері мен жүріс-тұрыстары, бәлкім, дүниетаным, адамтаным түсініктері — қасында жүрген замандастарына ғана емес, бұлардың соңына ерген некен-саяқ інілеріне де түсініксіздеу, жұмбақтау көрінетін. Оның біріншісі — Тәкен Әлімқұлов, екіншісі — Бердібек Соқпақбаев еді.

Әсіресе, Бердібек ағамыздың жөні болектеу еді. Анда-санда Жазушылар одағында, редакцияларда, күндізгі, кешкі сейілдерде кездейсоқ кездесіп қалғанда, ағамыздың көбіне сарыуайымға, күрсін-күйзеліске толы гой-гойлерін, кейде әжуа, мысқылмен суарылған уытты создерін талай естігенбіз. Мен көрген жазушылардың ішіндегі ең сарыуайымшылы, мысқылшылы ғана емес, сол кездегі қоғамға, саяси жүйеге ашықтанашық қарсы сойлейтін, қазіргі тілмен айтқанда түбегейлі оппозиционер осы Бердібек ағамыз болатын.

Бірде Жазушылар одағының алдындағы гүлзар бақта екі қолын артына қайырып, жалғыздан-жалғыз қыдырыстап жүрген Бекенді көрген біздер — түскі астан кейінгі үзіліске шыққан редакция қызметкерлері жасы үлкен ағамыздың қасына барып жапа-тармағай сәлем беріп, содан соң құйма құлақ ақын, жазушы інілерінің ортасына түскен, көрген-білгені де көп, айтары да жеткілікті жетекшіміздің аузына қарап, өнегелі сөз тыңдауға құлшынбаймыз ба?

Әуелі Жазушылар одағы айналасындағы ол кездерде қаулап тұратын өсек-аяңнан басталған біздің сұхбатымыз жалпы әдебиет, мәдениет, саясат төңкерісіндегі үйреншікті іркістіркіс пікірлерге ауысып, әдеттегідей әрқайсысымыз өзіміз дұрыс деп тапқан қағидаларды қорғаштап, өзіміз дұрыс деп таппаған жағдаяттарды жер-жебіріне жетіп сынап бастаймыздағы. Төрелік пікірді, әрине, ортадағы Бердібек Соқпақбаевтан күтеміз. Сол кездің өзінде-ақ ресми тараптардан толық мойындалмағанмен, әдеби-кәсіби ортада "балалар әдебиетінің классигі" ретінде танылған тарланбоздың аузына қараймыз ғой.

Ол кезде жаспыз, асаумыз, аңқаумыз. Шетімізден максималист, "күрескерміз". Алыс-жақынды шолуға, таразылауға, екшеп-елеуге құмарақпыз. Дүниенің кемшілігін көрсек, қарап тұра алмаймыз: сыпыра сынап, міней бастаймыз.

Біздің осындай күйдім-пістім әңгімемізді төзімділікпен недәуір уақыт тыңдауға мәжбүр болған Бекең бір кезде:

— Әй, жігіттер, босқа шаршамандар. Сендер қанша шырылдағандарыңмен, бәрібір ешнәрсе өзгермейді, — деді.

— Сонда, қалай, қиянатқа құлдық ұрып, үнсіз жүре беруіміз керек пе? — деді біздің қатарымыздағы бір білгіш.

— Әрине, сөйтесің. Басқа амалың жоқ, — деп Бекең миығынан күліп қойды.

— Сіздер сөйтесіздер... тірлігіміз қайтіп оңалсын! — деп біздің білгіш Бекеңе ренжіген сыңай танытты.

Бекең жайбарақат, тіпті салқын сабырлы қалпынан өзгермеді. Басын сәл қисайтып, қолын жоғары қарай шошайтып тұрып:

— Бар пәле ана жақта ғой, жігіттер. Сол жақ өзгермей, бұл жақ оңбайды, — деген.

Аға жазушымыздың бұл түспалын табан астында өзінше жорыған біздің білгіш:

— Ең биіктегі ақ үйде отырған ана бір месқарынның қарасы өшпей, біздің аузымыз аққа тимес сірә! — деп соқты.

Мұны естігенде, біздің білгіштің ұшқарылау көрінген жылдамдығына сәл қабақ шытыңқыраған ағамыз:

— Мәселе онда емес. Мәселе одан гөрі жоғарыда! — деп тағы да нығарлап қойды. Біздің білгіш алақтап, аңтарылып отырды.

— Қайдағы жоғарыны айтасыз, көке?

— Біз үшін ең жоғары биік кім? Соны айтам да!

— Қонаев па?

— Түу, мынауың түктен хабарсыз скен ғой! — деп Бекен мырс етіп күліп қойды.

— Ау, Беке, бізде Қонаевтан биік кім бар?

— Біздің бәрімізден биік тұрған тағы бір құдіретті күш бар емес пе? Қане, есіңе түсіріп көрші, бала.

— Қалай ұрыссаңыз да, есіме түсер емес, көке.

— Ол күштінің аты — Мәскеу! Мәскеу! Білдің бе? Қорасына күштеп әкеліп қамаған мына біздің қазақ секілді аз ұлттарды шетін шығармау үшін, қажет кезінде сатып жіберіп, қарны ашқан тұстарында сойып жеп отыру үшін оларды бір-біріне айдап салу, мүйіздестіріп қою олардың ежелгі машықтары емес пе? — деп, озіне осыншама айдан анық нәрсеге милары жетпей жүрген біз секілді жеткіншектеріне Бекен сол жерде тіпті коңілі толмаған сыңай танытқандай болды. — Мәскеудің коленкесі түсіп тұрған елдің көсгесі көгеріп, онері оркендей береді дегенге мен, мысалы, өмірі сенбеймін. Сендер де сенбендер. Міне, менің беретін батам осы! — деп аға жазушымыз сол жерде "Сөзім осымен тәмам" дегендей бізден болініп шығып, бұрынғыша жападан жалғыз кете барды.

Кенес өкіметінің аман-есен кезінде, Компартияның әбден дәуірлеп тұрған заманында — жетпісінші жылдардың басында, Алматыдағы Ленин косем атындағы алаңның гүлзар бағында тапа-тал түсте қыдырыстап жүрген қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың аузынан отаршыл империяны ашық айыптаған мұндай сөздерді есту — ол тұста шынында шетін оқиға еді.

Әрине, ол тұстағы зиялы шығармашылық ортаның қай-қайсысында да сыншылдық, шыншылдық үрдістер қалыптаса бастаған. Социалистік қоғамды ашық сынамағанмен, социалистік болмыстағы ұлы идеяларға сәйкес келмейтін "кейбір" олқылықтарды көрсеткен келісті көркем шығармалар жарияланып жүрді. Бірақ басқаларды қайдам, көп қағажу көрген біздің буынның арасында — алпысыншы жылдарда әдебиет табалдырығын аттаған "жаңа толқын" ішінде қалыптасқан саяси жүйеге шын қаны қас ешбіреуін көргеніміз жоқ.

Осы ретте Б.Соқпақбаев ағамыздың әлгіндей әңгімелер айтуы — сол кезде тосын, түсініксіз әрі ерлікке барабар мінез еді. Кейін естідік: мұндай "саяси ұстамсыз" қылықтарын ол кісі өзге жерлерде де көрсетіп, талай таяқ жегенге ұқсайды. Шынын айтайық: ол тұста қазақ жазушысының мұндай "ерлігіне" елітушілер табыла қойған жоқ. Тіпті біздің қатарымыздағы кейбір білгіштер: "Соқпақбаев кешегі колхоздастыру кезінде мал-мүлкі тәркіленген атақты байдың баласы екен", — деп те құтыртып жүрді.

Өз басым ол кісінің отбасылық, әйтпесе жеке бастық өмір тарихынан хабарсызбын. Сірә бізден бұрын әлденеше иткөйлекті тоздырып, отызыншы жылдардағы ашаршылықты, отыз жетінші жылғы зобалаңды көрген ағаларымыздың ішінде қаншама қасірет қатып жатса да, солардың қобісі саналы түрде бұқпантайлаған өмір тәсілін таңдап алса, Бердібек Соқпақбаев секілді бірлі-жарымдары ғана қызыл империяның жетпісінші жылдардағы әбден марқайған, тоқмейілсіген тұсындағы — ұйымдық қастандықтардан басқаны елей қоймайтын Брежнев заманының "контрерлі" мінезін пайдаланып, іштегі ойларын ашық айта бастағаны рас еді. Ресейде "Хельсинки тобы", "диссиденттер" деген атақ жамылған саяси қозғалыстар бас көтерсе, ал 1968 жылы Чехословакия жеріне басып кірген кеңес әскерлерінің әрекетін Жазушылар одағында өткен жалпы жиналыста қызу қолдаған шешендердің сөзін тыңдап шыққан екі жазушының — Тахауи Ахтанов пен Бердібек Соқпақбаев ағаларымыздың қатты күйзеліп, біздің әскерлердің әрекетін "агрессия" деп бағалағанын талайымыз өз құлағымызбен естігенбіз.

Ол ол ма, о бастан ауыл мектебінде оқып, бәріміз әуелі қып-қызыл пионер, одан соң қып-қызыл комсомол белсенділері қатарында болғандықтан, Алматыға келген алғашқы жылдарды қаншама кітап қорларын қотарып жүргенімізбен, талай шындықтардың беті бүркелуі жатқандықтан, сол тұста КазГУ-де оқып жүрген талапты тәліптердің ең ізденімпаздарының өзі ұлттық руханияттың өткен тарихынан хабарсыз еді. Мәселен, Ахмет Байтұрсыновтың есімін "Жұлдыз" редакциясына жиналған екі-үш бозөкпе жігіт, ұмытпасам, осы Тахаң мен Бекеңнің аузынан естідік. Әлдеқалай қазақ тіліндегі терминдер мәселесін

сөз етіп отырған секілді едік. Бізді кішісінбей әрдайым тең сөйлесуге тырысатын аға жазушының бірі Тахаң:

—Босқа дауласып қайтесіндер? Қазақ лингвистикасындағы бар атауды анау қасқа баяғыда-ақ балталасаң да бұзылмайтындай етіп жасап қойған. Әрі ұлттық ұғымға өте жақындатып, жақсылап жеткізген. "Атау", "ілік", "барыс", "табыс"... "зат есім", "сын есім", "сан есім"... Тамаша емес пе? Естілуі қандай, жазылуы қандай! Ешкім мұны орысшадан қазақшаға икемдеген деп айта алмайды, — деді.

Тахаңның пікірін құп көрген біздер бірақ "қазақ тілінің балталаса бұзылмайтын атауларын баяғыда-ақ жасап кеткен қасқаның" кім екенін болжап білмей отыр едік.

—Ахмет Байтұрсыновты айтады, — деді Бекен. Мұны естіген біздің жігіттер сол дандарыңқырап қалғандай болды.

Жазушы ағаларымның ішінде әуелгі көргеннен-ақ іштарта жақын көре бастаған кісім Тахаңа қарап, мен сонда "шалдардың" сөзін тындап отырған сарыауыз тәліптердің көңіліндегі күпті сауалдың бірін қойсам керек.

—Ойбай-ау... ол әлгі Алашорда бастықтарының бірі емес пе?

—Алашордада не шатақтарың бар? — деп Тахаң қабағын шытты. —Қазақ тілінің терминологиясын жасаған қасқаның атын біле жүрсеңдер теріс болмас.

—Әдебиет теориясының негізін салған да сол Ахаң ғой, — деп Бекен тағы сөзге араласты. —Ахаңның сол еңбектері қазір архивтерде бар ма екен өзі? Әлде өртеп жіберді ме...

Ол жолы Байтұрсынов туралы әңгіме әрі қарай өрістеген жоқ. Бірақ бұдан былай ағаларымыз әлдеқалай түспалдап, дүниеден өтіп кеткен қайдағы бір "қасқалар" туралы айта бастаса, бұлардың әңгімелерінің кімдер туралы екенін біздер бірден біле қоюшы едік...

1962 жылы жастар газеті "Лениншіл жаста" менің аты шулы "1961 жыл" атты поэмалар жарияланды. Алдында ғана поэманың қолжазбасы Қазақстан комсомолы орталық комитетінде талқыланып, әртүрлі пікірлер айтылғанына қарамастан, Орталық Комитеттің сол кездегі хатшысы Камал Смайылов пен газет редакторының орынбасары Тельман Жанұзақовтың тікелей қолдауы арқасында басылуға шешім қабылданған болатын. Бірақ біраз қысқарып, күзелген, түзетілген

публицистикалық толғау газет бетінде жарық көрісімен, артынша көп ұзамай әдеби ортада әжептәуір дау-дамай ұйымдастырылды. "Ұйымдастырылды" дейтінім — дәл сол уақытта орталықта, Мәскеуде жоғары жақтың (тікелей бас хатшы Н.С.Хрущевтің) нұсқауымен Совет мемлекетінде жаңа идеологиялық науқан басталған еді. Сол науқанның салқыны бізге тиіп, көркем әдебиет есігін енді-енді ашуға талаптанып жүрген біздің буынның біразы "абстракционист", "формалист" деген құбыжық атақтарды жамылып шыға келдік. Алпысыншы жылдарды "абстракционизмге қарсы" науқанға іліккен жас жазушылар қатарында Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов, Қ.Ысқақов, Р.Тоқтаров, С.Баймолдин, Д.Досжанов, Т.Ибрагимов, т.б. бар еді. Жазушылар одағында, ҚазГУ-де қызу жиындар өтіп жатады. Бізді сынайды. Орталық газеттерде үлкенді-кішілі мақалалар шығады. Бізді сынайды. Бірақ бізді қорғаушылар, қолдаушылар да бар еді. Ағаларымыздан: Тахауи Ахтанов, Зейнолла Қабдолов, Әбдіжәміл Нүрпейісов, Бердібек Соқпақбаев, Тельман Жанұзақов болды.

Бір күні сол тұстағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Жанділдиннің республикадағы идеологиялық мәселелерге арнаған жиында жасаған баяндамасы "Социалистік Қазақстан" газетінде жарқ етіп шыға келгенде, әрі бұл баяндамада біз секілді "абстракционист" құбыжықтардың аты тағы да аталғанын көргенде, бұрындары бізге қамқорсып, жанашырлық пейіл танытып жүрген сыншылардың бірі аяқ астынан жалт бұрылмасы бар ма? Артынша сол бұрынғы қамқоршы ағамның "Жаңалық па, жаңа былық па?" деген көлдей мақаласы газетте жарияланды. Мақаланың негізгі сын объектісі — мен, менің поэмам болып шықты. Бұл мақаланың тағы бір ерекшелігі — поэманың көркемдік кемшіліктері айтылып қана қоймай, зор саяси айыптар тағылған екен...

Осындай көңілсіз күндердің бірінде Жазушылар одағының алдында жолыққан Бердібек Соқпақбаев менің қолымды қысып тұрып:

— Анау ағаң тағы ескі әуесіне басыпты... Бірақ сен қапа болма, бала. Бағытың дұрыс. Жаза бер! — деді. Мұны естігенде, көңілім едәуір көтеріліп қалды. Кейінірек тағы бір кездескенде:

— Сенің газетте басылған поэмаң маған үзік-үзіктеу көрінді. Маған түпнұсқасын жеткізіп берші, — деп миығынан күліп қойды. — Әй, менің де аздап ақындық өнерім бар. Оңашада оқып көрейін...

Артынша "1961 жылдың" машинкаға басылған түпнұсқасын Бекеңнің үйінің адресіне почтамен салып жібердім. Бірақ, неге екенін қайдам, Бекең үн-түнсіз қалды. "Жақсы, жаман" деген жауабы болған жоқ. Сірә ұнатпады ма екен...

Б.Соқпақбаевтың менің шығармашылық өмір тарихыма тікелей қатысы бар тағы бір көріністі келтірмекпін. Поэзияда жаңалықтар ашпақ болып тауым шағылған соң, 1963 жылы "Даңқ" атты повесть жаздым. Повестің бас кейіпкері — жас физик ғалым Сабыржанның корген хикметтері алпысыншы жылдардағы "абстракционист" жастардың алғашқы адымдарына зайыр ұқсап тұратын. Қолжазбамды Әбіш Кекілбаевқа оқуға беріп едім, ол бірден:

— Баспаға ұсыну керек қой, — деді.

— Иә, баспа менің повесімді сағына күтіп отыр еді, — дедім.

— Рас, сенің "жаман" атың шығып қалды. Алғашқы кітабыңды бастыру оңайға түспес.

— Сонда, қайтпек керек?

— Бір ақылын табуымыз керек.

Ақыры Әбіш ақылын өзі іздеп тапты. Сол кезде Бердібек ағамыз Жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша кеңесшілік қызметте екен. Әбішпен аралары жақсы, сыйлас көрінеді. Әбіш болса, алпысыншы жылдардағы ең беделді басылым — "Лениншіл жаста" әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, жастығына қарамастан, аты ерте шығып, тез көрінген талант иесі. Содан скеуіміз аяндап Жазушылар одағының бір болмесінде отырған Бердібекке бардық. Әбіш жағдайды түсіндіре келе:

— Егер Оразбектің бұл қолжазбасын бірден Жазушылар одағы секциясының талқылауына салсақ, аман өтіп кетуі екіталай, — деді. — Егер мүмкіндігіңіз болса, алдын ала өзіңіз оқып шығып, пікір айтсаңыз, қатып кетер еді.

— Мен оқысам, қатып кететінін қайдан білдің? — деп Бекең миығынан күліп қойды. Артынша: — Жарайды, оқып шығайын, — деді.

Осыдан бірнеше күн өткен соң Жазушылар одағына қайтып

соққанымда, Бердібек ағамыз мені жадыраңқы, жақсы қабақпен қарсы алды. Амандықтан соңғы бірінші сұрағы:

— Бала, бұрын проза жазып көріп пе едің?

— Болды, Беке, мен туасы олеңнен емес, қара сөзден бастағанмын. Мектеп қабырғасында жүргенде жазған олеңдерімнен қысқа әңгімелерім, ертегілерім көп, — деп мақтандым. — Бұған дейін де "Қара суық" атты бір повесті сүйкеп тастағанмын...

— Оның қайда? Басылды ма?

— Жоғә. Кім басушы еді?..

— Жарайды, — деп Бекең сонда мен үшін айрықша маңызды болған байламын айтты. — Мына дүниенді мен жаратып отырмын. Жазушылар одағы секциясы атынан өз пікірімді жазып, баспаға ұсынып көрейін. Қалғанын — бұйырғанына қарай көре жатарсың.

Сөйтіп, Жазушылар одағы атынан жазылған, белгілі қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың ұсынысы бойынша менің бұл қолжазбам "Жазушы" баспасының 1965 жылға арналған тақырыптық жоспарына кіріп, сол жылы жазға салым басылып та шықты. Әрине, о бастағы көлемі 6—7 баспа табақтай повесть редактор тарапынан аяусыз қысқартылып, небәрі 3 баспа табаққа түсіріліп барып жарияланды. Бірақ бәрібір "Даңқ" — менің қорғасын әріптермен теріліп, баспахана бояуының исі шыққан ең тұңғыш кітабым еді.

Бұдан кейінгі жылдарда да біз Бекеңмен кездейсоқ кездесіп жүрдік. Бірақ дастарқанымыз араласып, көңіліміз қораласып дегендей, тым жақындап, пәлендей сырласып, мұндасып кеткен жеріміз кем. Сөлеміміз түзу. Ықылас, пейіліміз түзу.

Мен үшін қазақтың көркем сөз шеберлерінің бірі — Бердібек Соқпақбаев ағамыз шын жаратылысын, құпия сырын ішіне көмген жұмбақ адам, жұмбақ жазушы болып қалды. Менің байқауымша: ол кісі жалғыздыққа біржола бой алдырған, іш пыстанын сыртқа шығара бермейтін, жәй бір уайымшыл пенде емес (уайымшылдық-ойшылдықтың серігі емес пе?), құсалық "дертке" ұшыраған құпия, жеке-дара өмір сүрген абыз-дәруішке ұқсайтын. Бәлкім, біздікі — колденең кок аттының пікірі шығар. Бірақ осы жазушының жалғыздығы — бірден көзге ұрып тұрушы еді.

Бердібек Соқпақбаевты іш тартып, жақсы көретін аға,

інілері, замандастары — жеткілікті болды. Ал оның өзінің жанындай жақын тұтатын достары бар ма еді — ол жағын білмеймін.

Бердібек Соқпақбаев өзінің азды-көпті шығармаларының бәрін қырық жасқа келгенше жазып бітіріпті. Өмірінің кейінгі 28 жылында, шығарма адамының күш-қайраты әбден тосылып, байи түсетін онімді шағында бірде-бір елеулі дүние жазбауы да — түсініксіз, жұмбақ құбылыс.

— Мен газет оқымаймын. Кітап қарауға да құлқым жоқ, — деуші еді.

Газет оқымайтын, кітап оқымайтын жазушы болады дегенге — сену қиын. Оның үстіне, некен-саяқ тілдесе қалсаңыз, Бекең дүниеден хабарсыз, екі құлағын тас бітеген немқұрайды адамға ұқсамайтын. Жоғарыдағыдай оқыс естілетін сөзі — оның отірікші газеттерді, сапасыз кітаптарды өзінше әшкерелген түрі болуы керек.

Жалпы біз білетін Соқпақбаев отірік атаулыға жаны қас, қиянат атаулыға — шыдамсыз, нағыз максималист болатын. Бірақ, әсте күрескер емес. Күрескер емес дейтінім: сол тұста Жазушылар одағында, өзге жерлерде жиі отіп жататын қызу жиындарда, әрқилы айғыс-тартыстарда Бекеңнің бір рет мінбеге көтеріліп, өзінің таза тақуалық идеяларын қорғап сойлегенін, яғни жазып түсіндіргенін корген емеспін. Бәлкім, бұл да — позиция, қозқарас, мінез шығар. Бірақ, былайғы көпшілікке жұмбақ көрінетін қылық еді.

Бірде зәуіммен жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтың үйінде қонақта болып, екі дос (маған солай көрінді) Тахауи мен Бердібектің құрапатын бөлісуге тура келгені бар. Пәленбай сағатқа созылған қазақы отырыс үстінде көбіне-көп Тахауи сойлеп отырды. Бекең біз секілді тыңдаушылар қатарынан шығып кете қойған жоқ. Бірер мәрте Тахаңның отінішімен қойын дәптеріне жазып жүретін қысқа естеліктер айтты. Бар болғаны сол. Суырылып сойлеу, қасындағылардың көзіне түсу, мақтану, әйтпесе біреуді мазақтау, өзін өзгелерден зор санау секілді пендешіліктен мүлде ада, барынша қарапайым, табиғи, өте жайлы, кеңпейіл кісі екеніне осы ұзақ отырыс үстінде көзім әбден жеткендей болды.

Туасы адам, азамат ретінде Соқпақбаевтың ешқашан "айкәпір" аты шыққан емес.

Тағы бір оқиға есіме түседі. 1974 жылы Б.Соқпақбаевтың

оңделген, түзетіліп қайта қаралған "Өлгендер қайтып келмейді" атты романы баспадан шықты. 1975 әлде 1976 жылы ма екен, осы кітап сол кездегі қазақ әдебиетінің елеулі табыстары қатарында Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Баспасөз беттерінде пікірлер жарияланып жатты. Сондай пікірдің бірі — "Қазақ әдебиеті" газетінде басылып шықты. Мен онда осы газеттің өнер бөлімінің меңгерушісі едім. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған Б.Соқпақбаев романын талдаған мақаланың соңында "Өлгендер қайтып келмейді" атына сырттай қарағанда елеусіздеу көрінетін, ал шын мәнісінде шығарманы теріске шығаратын қысқа пікір, тілек айтылыпты. Таң қалдым. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармалардың бәрі дерлік сол кездің дәстүрі бойынша баспасөз беттеріндегі науқандық мақалаларда жаппай мадақталатын, жаппай қолдау жасалатын. Б.Соқпақбаевқа келгенде, осы дәстүр неге бұзылады? Редакцияда газеттің кезекті нөмірін талқылаған жеделдеме жиналыста да бұл сұраққа жауап берілмегені есімде. Жауабы кейініректе берілді. Б.Соқпақбаев романы Мемлекеттік сыйлықтан құр қалды. Бұл, әрине, әділетсіздік еді. Ал әрбір әділетсіздік әрбір адамды, оның ішінде сезім жыршысы — жазушыны жасытып тастайтыны хақ.

Сыйлық дегеннен шығады. Менің 1990 жылы "Жалын" баспасынан жарық көрген "Шамшырақ" атты романым 1992 жылдың 26 маусымы күні жабық дауыс негізінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылмай ма? Осы талқылау үстінде менің кітабым туралы оң пікір айтқан Қ.Исабаев, Ә.Сараев, Е.Домбаев қатарында мұндай жиындардан әдетте бойын аулақ салып жүретін Б.Соқпақбаев ағам бар екен. Бәлкім, әдеби кеңесші Б.Шахановтың "үгітімен" кеңес жұмысына шақырылды ма екен, әйтеуір қаламдас ағам сол жолы автор туралы жалпылама жақсы пікірлер айтып, "Шамшырақты" әбден лайықты деп бағалапты. Бұл — Бекеннің хаттамаға түсіріліп қалған, қазақ әдебиетінің бір шығармасы жөнінде айтқан ең соңғы пікірі болса керек-ті. Артынша көп ұзамай, ыстық шілденің басында, ұлттық руханият әлемінің өулетті бір тұлғасы дүниеден өтті...

Бір кезде Алматыдағы Ленин атындағы алаңның гүлзар бағында қасына жиналған қаламдас інілерімен болған сұхбатта

сол тұстағы империялық билікті ашық сынға алған қазақтың қайсар жазушысы Бердібек Соқпақбаев өмірінің соңында азаттық таңы атып, туған елінің еркіндік жолына түскенін көріп үлгерді.

Баққожа МҰҚАЙ,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Жеңілістерден тұратын жеңіс

(Бердібек Соқпақбаев туралы толғаныс)

"Пенденің пәни дүниедегі ең негізгі қарсыласы — өз тағдыры" деген сөз рас. Алмағайып заманның жетегіне еріп, дұрысқа емес, бұрысқа қарай бұрылып кетуге ыңғайланып тұратын тағдыр тақуа Кеңес үкіметінің өкімі үстем болған қилы кезеңде ұлтының болашағын ойлап шырылдаған талай ардақтының шақшадай басын шарадай еткен. Ұлттың ұятына, абырой-арына айналған, рухани көсемдіктің туын ұстаған перзентте жеке бастың тағдыры, қара бастың мұң-мұқтажы деген болмайды. Уақыттың салмағы, ең алдымен ұлттың ар-ожданына айналған санаулы саңлақтың қабырғасын қайыстырып, заманның дерті мен қайғысы міндетті түрде солардың жүрегінің сүзгісінен өтеді. Уақытты жеңген тағдыр жоқ. Халық рухының жаршысы, жоқшысы болғандардың барлығының өмірі жеңілістерден тұратын адамзат баласының тарихы сан рет дәлелденген. Замандардан замандарға үлкенді-кішілі болып жалғаса берді. Пролетариат диктатурасы үстемдік еткен дәуірдегі жеңілістің халықтың рухани тірлігіне жасаған қиянатын анықтап білу үшін көп жылдар керек, көп ғасырлық тарихы, қайталанбас дәстүр-салты бар ұлт есін жиып, өзін-өзі тануға тиіс. Біз әлі ештеңені де білмейміз. Өйткені, баршамыз социалистік жүйенің төліміз...

Тірлігінде Кеңес идеологиясымен ымыраға келмей кеткен Бекең, Бердібек Соқпақбаев екеуіміздің арамыздағы диалог қыза-қыза осындай монологтарға ұласар еді. Сыйлас, сырлас бола жүріп Бекеңнің мінезіне, ешқандай заңдылыққа бағынбайтын, өз қара басына пайда емес, зиян әрекеттеріне түсінбейтінмін. Менің ұғымыма, кеңес идеологиясы қалыптастырған өмір сүру принциптеріне, кісілік мазмұнына мүлде қайшы келетін "экстремистік тірлігіне" іштей қарсылық

білдіретінмін. "Жазушы мен партияның сөзі бір жерден шығуы тиіс", — деген балаң түсініктің жетегіне ерген бізге Бекеңнің айтқаны ерекше әсер ететін. Барлығымыз жабылып марапаттап, тең таба алмай қиналатын кеңестік қоғам мен сол қоғамдағы құбылыстарға деген көзқарасын, наразылығын ашық білдіріп жүретін, сталиндік заманның зұлматын көзімен көрген қаламгердің бұл батылдығы ұлты мен уақыттың алдындағы азаматтық һәм суреткерлік жауапкершілікті терең түсінгендігінің белгісі екенін біз ол кезде бағамдай алғамыз жоқ. Оның наразылығын қаламгердің өмірлік тәжірибесінен түзілген мәні зор мазмұн, үлкен қорытынды деп ұқпай, Бекеңнің қыңырлау мінезінің қанжығасына байлай салатынбыз. Сондай наразылық ұлғая келе талай-талай үлкен қаламгердің жеке басының қасіретімен аяқталғанын біз жақсы білеміз. Шауып жүрген Бекең де ауырмай-сырқамай бақи дүниеге аттанып кетті...

Ол кісінің екінші өмірі басталғалы да біраз уақыт өтті. Тірлігінде көзге оқшау түсуге тырыспайтын, дақпыртқа, ретсіз марапатқа қаны қас, мейлінше қарапайым, сыпайы, қоңтоғай өмір кешкен қаламгер туралы сөз енді айтыла бастағандай. Бірақ сол көп сөзден нәтиже жоқ. Өмірінің соңында шағын-шағын екі бөлмелі пәтері орналасқан үйге ескерткіш тақта орнату, қаладағы бір көшені Бердібек Соқпақбаев есімімен атау туралы мүлде әңгіме естілмейді. Тірлігінде топқа қосылмай саяқ жүрген, қолында билігі бар туысты тұғыр көрмеген, еңбегімен ел-жұртына сенген қаламгердің жоғын жоқтар қолы ұзын ағайын қалмағандай. Тақта орнатып, көшеге атын беру үшін Министрлер Кабинетінің қаулысы шығуы керек екен. Халқының рухани байлығына айналған тамаша шығармалар жазғанмен оған бірде-бір сыйлық берілмеді, атақ алмапты. Қазақтың балалар әдебиетінің классигі деп жүрген жазушының жағдайы осындай. Атақ, сыйлық алмай-ақ небір марқасқа өткен бұл дүниеден. Олардың пәнидегі өмірі — жеңілістерден тұрған. Олардың жеңісі бақилық екінші өмірінде басталғай.

Тағдыр Бердібек Соқпақбаев есімді жазушыға қиянат-құқайын көп көрсеткен секілді. Бұл туралы ол кісі былай дейді:

"Сегіз жасымда шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы жылдары — ең бір қиын кез.

Содан соңғы басымнан кешкендерді ойлай бастасам осы күннің өзінде жүрегім қарс айырыла жаздайды. Япыр-ау, қалай тірі қалдым, осы күнге қалай жеттім?! Нағыз итжандының өзі екенмін-ау деп таңданам".

Б.Соқпақбаев шығармалары мінсізін қатал болатыны, кейіпкерлерінің қат-қабат қиыншылықтың бел ортасында жүретіні осының айғағы секілді. Жазушының ерекшелігі — ол шындықтан алшақ алып кететін фантазияның жетегіне ілеспейді. Оның шығармаларында суреткерлік пен фотографтық дәлдік жарысып қатар жүреді. Жазушы өзі өмір сүрген дәуір көрінісін боямасыз дәл бере біледі. Б.Соқпақбаевтың қай шығармасын алмаңыз, өмірдің қан сорғалаған шындығы кейіпкерлер тағдырымен қатар өріліп, үлкен коркемдік қорытындылар түзіліп жатады.

"Балалық шаққа саяхат" — отызыншы жылдар шындығын боямасыз көрсете білуімен құнды. Бұл шығармасында жазушы Кеңес үкіметінің алғашқы бесжылдықтар тұсындағы "ұлы" істерін дәріптеп, жалған пафосқа бармайды. Повесте елдегі саяси ахуал, әлеуметтік жағдайлар қақтығысы туралы ештеңе айтылмайды. Қазақ даласының бір қиырындағы қараша ауылдағы қарапайым халықтың өмірі суреткердің елегінен сұрыптала отіп, сол бір кезеңнің коркем шындығына айналған. Ұранға ұласып, небір парасатты адамның ойлау жүйесін зорлықпен қалыпқа салған кеңес идеологиясының ырқына көніп, шындықтан алыстап кеткен, соған қарамастан сый-сияпатқа қарық болған небір оқалы шығармалар жазылды ғой. Олардың өмірге келуі, сый-сияпатқа боленуі қалай оңай болды. Ол шығармалардың кейіпкерлері түгіл авторлары да ұмытылды. Ал қалың оқырманның жүрегінде "Балалық шаққа саяхат", "Өлгендер қайтып келмейді", "Қайдасың, Гауһар?", "Менің атым — Қожа", "Жекпе-жек" сияқты соқталы шығармалар қалды.

Бекең шындықты жазғаны үшін, қалың оқырманның рухани азығына айналған коркемдігі келіскен туындылар бергені үшін алғыс алудың орнына, Кеңес үкіметінің саясатын құптамайтындардың, "сенімсіз" адамдардың қатарында жүрді. Жаратылысынан бірбеткей, керек кезде әдіске бағып, шегініс жасап үйренбеген Бекең алып өкіметті тоқтатар күштің жоқтығын және де әділеті кем заманда Соқпақбаевша өмір

сүруге болмасын біле тұра, өз принципінен айныған жоқ. Оның шындықтан өзге қаруы, сүйеніші жоқ еді. Сол себепті де оның өмірінде үлкен жеңілістер көп болды. Бердібек Соқпақбаев есімді көрнекті қаламгердің бүкіл өмірі жеңілістерден тұрады десек артық айтқан болмас едік.

"Нағыз жазушының жеңілістері неғұрылым көп болған сайын оның ешкім де жоққа шығара алмас ұлы жеңістері көбейе береді", — дейді Американың ұлы жазушысы У.Фолькнер. Әлемдік көркем ойдың көкжиегін кеңіткен талай-талай кемеңгердің өмірі осы ойдың ақиқаттығын айғақтай түспей ме?!

Бекең тірлігінде топ қуып, иә болмаса топқа қосылып, "алдымды орап кетеді-ау" деген пенделік пасық пейілге жеңіліп, екінші біреуді тобықтан қағып, қиянат қылған емес. Арзан атақ үшін арын сатып, жанын жеп жанталасқан жоқ. Ақылын айқайға мінгестіріп жіберетін шіреуік шенеуніктердің шашбауын көтеріп, есеппен өмір сүрмегені және ақиқат. Сондай пысықайларды көрсе жымыып күліп:

—Қазаққа ақыл кірмейді, — дейтін.

Ол көптің көзінен таса, саяқ жүріп ғұмыр кешті. Шығармаларының өн бойынан есіп тұратын өкініш, кейіпкерлерінің жанындағы мазасыздық, күрескерлік рухпен астасып жататын пессимизм Бекеңе де тән еді. Ол кешегі Кеңестік жүйені мүлде қабылдамаған адам. Өте ықтиятты, шаш та төк тірлікке жанымен қарсы, өте үнемшіл кісі еді. Шашылып-төгіліп иесіз жатқан мемлекет байлығын көргенде керемет күйінетін.

"Мына бетімізбен кете беретін болсақ аз уақытта жардың жағасына жетіп қалатын шығармыз", — дегенді Бекең жетпісінші жылдардың бастапқы кезеңінде-ақ айтып жүретін. Ол жолындағының бәрін таптап кете беретін алып машинаны тоқтатар күштің жоқтығын біліп, шарасыздығына күйінетін, көңіл жұбату үшін "қоғамнан қашып", Кеңсайдағы кішкентай саяжайына тығылатын. "Азаттық", "Америка дауысы" сияқты радиостанциялардың хабарын тыңдап, өзін-өзі алдарқататын еді.

Ол Кеңес жүйесінің кемшіліктерін ғылыми тұрғыдан зерделей алған жоқ, сол жүйедегі әлдеқашан мазмұнға айналып кеткен әлеуметтік әділетсіздікті "ымыраға көнбейтін,

жетекке жүрмейтін қыңыр" Соқпақбаев суреткерлік интуициямен түсінді. Күнкоріс, бала-шағаның қамы үшін небір үлкен таланттар ұлы шындығын қаһарлы, қатал уақыттың аяғына жығып беріп жатқанда "қыңыр да қисық" Соқпақбаев өз шындығын шыбын жаны шырылдап қорғады. Ол уақыттың тепкісіне көнді, әділетсіздікке тегеурін көрсетті. Ол ұлы шындығы үшін көп ұпайын жоғалтты, пенде ретінде азуын айға білеген уақытқа ұтылды, үлкен жеңіліске ұшырады. Сол жеңілістері арқылы шығармаларына ұзақ ғұмыр сыйлады.

Бердібек Соқпақбаев соңына көп мұра қалдырған жоқ. Ол жазудан тым ерте "жеріп" қалған қаламгер. "Өлгендер қайтып келмейді" романынан кейін ештеңе жазған жоқ десе де болар еді. Бұл роман 1963 жылы "Жұлдыз" журналында жарияланды. Цензураның өткір қайшысына түсіп, мықтап күзелген шығарма оқырманның қолына 1966-жылы ғана тиді. Осы бір келеңсіз жағдай жазушының шығармашылық жұмысына өте жаман кедергі жасады. Романды жазып біткенде Бекен қырыққа да толмаған екен. Кемеліне келіп, жан-жақты толысқан шағында жазудан "жеріп" кетуі суреткердің ішкі жауапкершілігінің күштілігін, азаматтық болмысының тазалығын танытатын негізгі фактор болса керек.

Біздің публицистика тоқсаныншы жылдардан кейін жаза бастаған қоғамның дерті туралы ол кісі сонау алпысыншы жылдары ашық айтып жүретін. Әңгімелері құлаққа тосын естіліп, көңілге қорқыныш қамайтын. Аштықты, сталиндік зұлматты көрген, Кеңес қоғамының мінезін білетін адамның бұл батылдығы үміті үрейге айналған кейбіреу үшін қорқыныш еді. Ал Бекен халқының басындағы қасіретті жалтақтамай жазды. Өкініштісі сол — аштық туралы көріністер, халықтың басынан өткен қасірет баяндалатын тұстардың барлығы қысқарып қала берген.

"Шындық жоқ. Шындық әркімнің жүрегінде. Біз өтірікпен өмір сүріп жүрміз", — дейтін ол. Ойлау жүйесі стереотиптеніп, Кеңес идеологиясының құлақ кесті құлына айналған белсенділер үшін Бердібек Соқпақбаев "битке өкпелеп, тонын отқа жағып" жүрген біреу еді. Қолында билігі бар белсенділердің пейілін түсінген қаламгер жеке басының

шешілмеген толып жатқан мәселелері бола тұра қамсыз отыра беретін. Мынау жарық дүниеден жеріп болғанын кейде айтып қалып жүретін. Ол өзі қабылдай алмаған қоғамдық орта сұмдығының бәрін жасырып, бетіңе күле қарайтын сайқал дүниеде барқадар таппасын біліп, жеке-дара аулақтанып шықты. Аулақ жүріп, аяңшыл тірлік кешкен жазушының бойына біткен шындықтан жаратылған шығармалары жарық дүниеден дидарын көрмей сан рет түсік болып түсті.

Жазушының негізгі шығармаларының жолы да ауыр болған сияқты. "Өлгендер қайтып келмейді" сияқты туындылары талай түзелген, күзелген.

"Өзім туралы повесть" ("Менің атым — Қожа" алғаш осылай аталған) Алматыда біраз қиналыспен басылады. "Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек", — деп алая қарағандар аз болған жоқ. Орысша қолжазбаны баспа өзіме қайтарып берді. "Мектептегі барлық баланы хулиган етіп шығарғыларыңыз келсе, бұл кітапты тезірек басыңыздар", — депті рецензент.

"Қожаның" тұсауын Москва кесті. Көп тиражбен бірінен соң бірін екі рет басты. Бірінен соң бірі: молдова, латыш, литва, украин, өзбек, француз тілдерінде басылып шыға бастады. Кино түсірілді. 1967 жылы Канн фестивалінде бас бөйгені жеңіп алды", — деп жазды Б.Соқпақбаев. Ол кітап туралы толып жатқан мадақ мақалалар жазылды. "Қожа" толып жатқан халықтардың сүйіп оқитын шығармасына айналды. Бірақ Бердібек Соқпақбаев еткен еңбегіне лайық құрмет көрген жоқ. Үйінің өзін үлкен күшпен алды. Қолдарынан "өлген адамды тірілтуден басқаның бәрі келетін" шытынағыш шенеуніктердің алдына барып, алақан жайып тұруды ар санайтын "қиқар" Соқпақбаев ол жолы да өзіне ғана жарасатын "тентектігіне" басыпты. Ташкент қаласында өтіп жатқан Азия, Африка жазушылары мәжілісінің төралқасына жеделхат салады. Мемлекет басшылары "біздің елде жазушыға ерекше жағдай жасалады" деп басқаларға үлгі көрсетіп жатқанда, үйсіз-күйсіз жүрген қаламгерден жеделхаттың келуі үн-түнсіз жаба салатын мәселе емес еді. Өмірі тәуекелден тұратын Соқпақбаев бұл жолы да желқайығына мініп алып, буырқанып тасып жатқан асау теңізге қойды да кетті...

Ташкентте өткен халықаралық мәжіліс төралқасына

жеделхат саламын деп біраз әуреге түскенін, ақыры екі бөлмелі үй алғанын Бекең күліп отырып еске алушы еді.

Көзі тірісінде ол атақ қуып, мансаптың соңына түскен жоқ. Қал-қадірінше адал еңбек етті. Еңбегін бұлдап, бұлданғанын естіген емеспіз. Өзінен әлдеқайда кіші адамдар Жазушылар одағы басқармасына мүше болып жатқанда Бердібек Соқпақбаев тізімге ілінбей, санатқа қосылмай жүрген екен. Сыйлас, сырлас досы Тахауи Ахтанов кіріспегенде, бәлкім, Бердібек Соқпақбаев өмірінің соңына дейін Жазушылар одағы басқармасына мүше бола алмас та еді. Кеңес идеологиясы үстем болған дәуірде мұндай парадокстар көп болды ғой. А.Платонов секілді орыс әдебиетінің классигі өмірін жоқшылықта өткізді. Талай марқасқаның соңында аттаған адымын олшеп, "үш әріптің" сүмелектері жүрді. Көзі тірісінде қиянат көріп, қан жұтқан үлкен дарындар Қазақстанда да аз болмаған сияқты.

Анда-санда Жазушылар одағына келіп-кеткені болмаса уақытын Кеңсайдағы саяжайында өткізетін Бекеңнің тірлігіне түсіну қиын еді.

— Неге жазбайсыз? Үндемей кеттіңіз ғой, — дейтінмін мен.

— Өтірік айтуға арым бармайды. Ал шындықты айтсақ ешкім баспайды. Егер жазар болсам Кеңес үкіметінің құрылуын адамзат тарихының үлкен қатесі ретінде көрсетер едім, — дейтін ол. Ол уақытта мұндай сөз айту түгіл жүрек шімірікпей тыңдаудың өзі оңай болмайтын. Үйреніп қалған әдетке бағып, Кеңес үкіметінің жақсылықтарын айтып, әңгіме өрбітсең Бекең шамданып қалатын.

Осы айтқандарыңды өзің жаз. Шындығы жоқ кітапты ешкім оқымайды. Халыққа қаны сорғалаған шындық керек, — дейтін ол.

Бекеңнің сөзінің ақиқаттығын өмір дәлелдеді. Оқа тағып, шекпен киген талай шығарма уақыт сынына шыдай алмай, ескіріп қалды. Бірнеше рет Мемлекеттік сыйлық алған жазушыларды кім біледі қазір? Олардың қалың мұқабалы жып-жылтыр "кірпіш" кітаптарын көргенде жүректі жиіркеніш билейді. Ал Бердібек Соқпақбаев сияқты таланттардың қалың оқырманның ықыласына, махаббатына бөленген шығармаларына мінезі мен мазмұны өзгеріп отыратын уақыт кедергі емес.

Қас таланттардың өз бағасын көзі тіріде емес, бақилық болған соң алатын өкінішті-ақ. Б.Соқпақбаев та өзі туралы әділ бағаны жамбасы жерге тиген күні естіді. Барлығы оның жанының шығуын күтіп жүргендей. Мемлекет басшылары қол қойған қазанамада "Бердібек Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетінің классигі", — деп жазылды. Қалың оқырман да, күні кеше түсінісе алмай тістеніп қалатын қаламдастары да осы пікірде болды.

Осындай марапат сөзді көзінің тірісінде естісе: "Мен кітапты классик болу үшін жазғаным жоқ. Шығармаларым халыққа кішкентай ғана пайда берсе мен перзенттік парызымнан құтылар едім", — деп жымыып күлер еді.

Ол өте қарапайым әрі кінәз, ас та төк мырзалыққа қаны қас, еңбекпен келген байлықтың бағасын білетін кісі.

"Мынау ұшы-қиыры жоқ дала, ұшан-теңіз байлық қазақтың сорына біткен ғой. Соның салдарынан қазақ жалқау болып алды", — деп күлетін. Бекеңнің көзқарасы, танымы қалыптасқан заңдылықтарға бағынбайтын. Оның өмірлік пәлсапасын түсіну де оңай бола бермейтін. Ол кісінің сөзі әркез қыңыр тартып, көпшіліктің әңгімесімен үйлесе қоймайтын. Сананы улап алған Кеңес идеологиясының сойылын соғып, жыртысын жыртып, жеңсік бермейтін көпшілік басқа да, ал әл бермейтін әділетсіздікке қарсы күресіп, шамасы келмей шырылдайтын Бекең, Бердібек Соқпақбаев даланың құрық тимеген асау торысындай еді. Ол ешқашан да шеңбер айналып шабатын цирктің аты бола алмасын сан рет дәлелдеді.

Бекең "айтпаса сөздің атасы өледі" дейтін қағиданың адамы еді. Көп жағдайда сөзін көңілге кек болып тұнбас әдемі әзілмен жеткізетін. Кейде сүйекке біткен мінезіне салып тік кететін. Сол мінезі кедергі жасап, жақсылыққа бет алған істі теріс бұрып жіберетін. Ісінің оңға баспағанына өкіне тұра шындық үшін ұпай жоғалтқанына мүлде ренжімейтін.

Анау бір жылы Мұқағали Мақатаевтың 60 жылдығына байланысты Райымбек ауданы үлкен той жасады. Ақынға арнап салынған мұражайдың ашылу рәсімінде Бекең сөз сөйлеп, көңілдегі кірбіңін, ренішін айтты. Ол кісіге сөз берілерде қарақұрым халықтың берекесін алып, дүниені көшіргендей болып жақын маңайға облыс басшысы Қасым Төлебековтың тікұшағы қонған, соған деген қарсылықтың,

назаның әсері ме, сол жолы Бекен шарт сынбағанмен қатты шамырқанып еді.

"Мұқағалиға көзінің тірісінде не жақсылық жасап едіңіздер? Ол мына өмірден түк қормай, еңбегінің жемісін татпай өтіп кетті. Осы құрметті оған сол уақытта жасасандар Мұқағали маңдайы жарқырап ортамызда жүрмес пе еді. Оған музейдің де, ескерткіштің де керегі жоқ. Оның мәңгілік ескерткіші — өлеңдері..."

Бекеннің бұл сөзін әркім өзінше түсінді. Даңғазға қуған қалың топ Бердібек Соқпақбаевтың айтқанын тез ұмытты. Ал Бекен, Мұқағалидан бастап баршамызға ұстаз болған ардақты ағамыз Бердібек Соқпақбаев өзінің туған жерінде кезекті жеңілісінің ащы дәмін татты. Алматыға аттанып кетті. Оны іздеген ешкім болған жоқ. Той жалғаса берді...

Іні бастаған той бүгінге ағаның тойына ұласып отыр. Тірлігінде ел-жұртының намысын жыртып, ана тілі мен қазақ рухының тәуелсіздігі үшін өмір бойы тәуекел деп "ғас жұтқан" корнекті қаламгердің нағыз перзенттік қадірі халқының жүрегіндегі тек жеңілістерден тұратын екінші ғұмыры басталды. Ұлы перзенттерін жүрек құндағына бөлеп, олардың аруағын асырған, қадіріне енді ғана жетіп жатқан халқымыздың маңдайынан бақ кетпесін деп тілейік.

Тұрлыбек МӘМЕСЕЙІТ

...Жазуды сол себепті қойып кеттім

Бәрімізге белгілі, кешегі Кеңестік идеология қалам қайраткерлерін еркін ойлауға, "ауа жайылуға" жібермей, қақпайлап қай тақырыпқа салмады. Алайда сол дәуірдің өзінде Компартияның нұсқау бағытына пысқырмай, өзінің жүрек соғысын ғана тыңдап, жалғандықтан қашып, тек шындықты жазып өткен жазушының бірі және бірегейі — Бердібек Соқпақбаев. Шындық, шыншылдық дегеніміз бұл жерде, тағы да қайталап айтамыз, қаламгердің өзі көріп, әбден көзін жеткізіп, басынан кешірген, болған жайттар.

Бұл жөнінде Бекеннің өзі былай әңгімелейді: "Бір сөзбен айтсам, сол өзін жазатын жазушы менмін. Алыстан арбалап материал жинамаймын, архивтің шаңын жұтпаймын.

Жақыннан, өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өзімді, өз айналамды тербеткен жайттарға дорбалап жинаймын. Солар туралы жазамын. Бұл тұрғыдан алғанда, тағдыр маған көп "көмектесті", қутақыр қалдырмады. Өмірде, адам басында болатын не ғаламат жайттарды, қиынқыстау оқиғаларды қабырғам қатпаған қаршадай кезімнен-ақ менің үстіме аямай үйіп-төкті".

Иә, жазушы Сейдахмет Бердіқұлов айтқандай: "Жазушылыққа Керқұла атты Кендебайдың хикаясынан қанша есе артық, неше қиямет-қайым соқпақпен жетті түзлегі".

Бекенді көбіне "балалар жазушысы", – дейді жұрт. Онысы орынды да шығар. Бірақ кімге арналса да ол шығарманың жұртты иландыра алатын шынайылығы жетпесе, оның ешкімге керегі де жоқ. Мәселе суреткерлікте. Әрбір суреткер жұртына айтсам, жеткізсем деген ойын балаға арнай ма, ересектерге арнай ма бәрібір. Әйтеуір, оқыған адамды бейжай қалдырмайтын тұщымды ой болса, мақсаттың орындалғаны. Б.Соқпақбаев жас пен жасамысқа бірдей ортақ суреткерлік сөзін әлдеқашан айтып берген жазушы. Балалар өмірін шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейтін хикаялары мен әңгімелерін жас та, қарт та, қазақ та, басқа да құмарта, қызыға оқиды десек, еш артық айтқандық емес.

Бұл ерекшеліктің сыры неде? Оның құпиясы кейіпкерін қолдан жасамаған, өмірдің өзінен ойып алған. Турасын айтсақ, басты кейіпкері өзі. Сараптау-сұрыптауы болғанмен қоспасы, әсірелеуі, жасандылығы жоқ. Адам баласына, пенде біткенге тән ерекшеліктерді балаға тән тума қасиеттерден, балаға тән аңғалдықтан, тазалықтан іздейді. Сол байқалғандарын боямасыз көрсетіп, жалғаны жоқ жасампаз образдар жасайды. Сөйтіп, шынайы өмірді насихаттап өткен жазушының өзі де жаратылысынан жинақы, болмысы таза адам. Өтірікке, көпсөздікке о бастан жаны қас.

Балалар үшін жалаң дидактикадан гөрі нанымды да нақты штрих-детальдың әсері мен пайдасы әлдеқайда зор болмақ. Осы ретте, бұл мәселелер жөнінде тағы да автордың өзіне сөз берудің ыңғайы келіп тұрған сияқты. Жазушыға: "Балалар өміріне арнап шығарма жазудың өзіне тән қыры мен сыры туралы айтып берсеңіз", – деген сұрақ қойылғанда ол: "Мен,

мысалы, өз шығармаларымды бірінші жақтан жазам. Бұл өмір құбылыстарын — жақсы мен жаманды, ақ пен қараны бала көзімен қору, бала түйсігімен түйіндеуден туындайды. Содан кейін баланы зеріктіретін сурет-темпаздықтан, тәптіштен ұсақ-түйек татымсыздықты тасыта берушіліктен аулақ болдым. Бала ойына лайық шығармалар жазуға тырысамын", деп жауап берген. Иә, Б.Соқпақбаев шығармаларының шыншылдығы мен қарапайымдылығының бір сыры осында болса керек. Б.Соқпақбаев ең алдымен, қысқа да нұсқа жазудың шебері. Ол қарапайым тілмен баяндап отырып-ақ, кейіпкерлерінің мінез-құлқын, болмыс-бітімін есте қаларлық бірер штрих, детальмен шебер де дәл ашып беретін суреткер. Оның кез келген шығармасынан ешкімге ұқсамайтын өзіне тән стильдік орнек бірден байқалып тұрады. Жазушы стилі, мысқылы, юморы — нағыз "тілге жеңіл, жүрекке жылы" тиетін стиль.

"Өзін жазатын жазушымын", — деп жоғарыда өзі айтқандай, автордың көпшілік шығармаларында өмірбаяндық деректер пайдаланылып, олардың бір-бірімен сабақтастығы байқалып отырады. Әсіресе, қазақ балалар әдебиеті де үлкен құбылысқа айналып, өзіндік бір жаңа леп, жаңаша бет ала келген "Менің атым — Қожа" хикаясының да алғаш "Өмір туралы повесть" аталғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Ал, енді осы шығармадағы Қожа қандай бала, қандай кейіпкер? Шығарма бойындағы жаңалық неде? Жалпы, "Менің атым — Қожа" жарық көргенге дейін қазақ балалар әдебиетіндегі кішкентай кейіпкерлердің бәрі де бір қолдан шыққандай шетінен тәрбиелі, тіл алғыш, жұрыс-тұрысы әдепті, "белсенді" болып келетін. Осы схематизмді бұзып, таптаурын болған көне жолмен жүрмей, өзінше келген жазушыға да, жағымды қылығынан жағымсыз қылықтары көп Қожаға да жұрт әуелі тосырқай қарады. Жалпы, қандай да бір жаңалық, құбылыстың бірден қабылдана, мақұлдана қоюы қиын ғой. "Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек?", "Балаларды тек жақсы, онегелі кейіпкерлер үлгісінде тәрбиелеу керек. Ал, Қожа бұзық, жүрген жеріне шоп шықпайтын сотқар оқушы" деп алая қарағандар аз болған жоқ. Тіпті "Мектептегі барлық баланы "бұзық" етіп шығарғыларыңыз келсе, бұл кітапты тезірек басыңыздар", — деп те пікір айтқандар болды.